

Улпан Ақбердіқызы^{1*}, Саян Аманжолұлы Жиренов²^{1*} автор-корреспондент, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-8346-8503 E-mail: ulpan-0392@mail.ru² филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-4544-1171 E-mail: saken82@mail.ru**КӨРКЕМ МӘТІНДЕРДЕГІ «ҚАРТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ
ГЕНДЕРЛІК КОННОТАЦИЯСЫ**

Аңдатпа. Тіл мен гендер арасындағы сабақтастық мәселесі – лингвистика ғылымындағы маңызды салалардың бірі. Гендерологиялық ерекшеліктердің бірден-бір көрсеткіші – тіл. Тілдің әралуан қабаттарынан гендерлік белгілер тарамдалып тарқайды. Соның бір тармағы адамның «қарттық» кезеңі де тілдік гендерлік тұрғыдан көркем мәтіндерде ашық та жасырын түрде көрінеді. Осы мәселелер көркем мәтіндердегі «қарт» концептісі ретінде арнайы нысан ретінде алынып, гендерлік лингвистика тұрғысынан қарастырылады. Гендерлік лингвистикада ер адамдардың ауызша тілдесімі мен жазбаша мәтінде әйел адамдардан айырмашылығын анықтау үшін көптеген зерттеулер жүргізілді. Тілдік коммуникация барысындағы ер адамдар мен әйел адамдардың тілдесімінде гендерлік ерекшеліктер болатындығы табиғи және физиологиялық мәселелер ретінде зерттеу нысанына айнала бастады. Бұл зерттеу жұмысында дәл осы мәселеге қатысты ер және әйел адамдардың биологиялық-физиологиялық жас айырмасында да гендерлік тілдік ерекшелік болатындығы арнайы зерттеу нысанына алынып, оның ішіндегі «қарт» концептісінің гендерлік коннотациясы қарастырылады. Зерттеу жұмысының мақсаты – көркем поэтикалық мәтіндерде кездесетін қарттық жасындағы ер адам мен әйел адамның тілдік қолданысында болатын гендерлік ерекшеліктерді көрсету және оларға гендерлік аспектіде лингвоталдау жасау көзделеді. Зерттеу нәтижелерінде қарттық кезеңдегі ер мен әйелдің тілдік қолданысы мен индивидуалды лексиконындағы тілдік бірліктерде (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық категориялар, т.б.) кездесетін ерекшеліктер көркем мәтіндер негізінде талданады. Мақаланың практикалық құндылығы зерттеу нәтижелерін теориялық тіл білімі, мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы, лингвоаксиология, лингвомәдениеттаным және гендерлік лингвистика бойынша арнайы курстар мен семинарларда қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Тірек сөздер: гендерлік ерекшеліктер; қарт; ер; әйел; коннотация; көркем мәтін.**Сілтеме жасау үшін:** Ақбердіқызы У., Жиренов С.А. Көркем мәтіндердегі «қарт» концептісінің гендерлік коннотациясы. *Tiltanym*, 2026. №2 (102). 132-145-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-132-145>**Улпан Ақбердіқызы^{1*}, Саян Аманжолұлы Жиренов²**^{1*} автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-8346-8503 E-mail: ulpan-0392@mail.ru² кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-4544-1171 E-mail: saken82@mail.ru**ГЕНДЕРНАЯ КОННОТАЦИЯ КОНЦЕПТА «ПОЖИЛОЙ»
В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ТЕКСТАХ**

Аннотация. Вопрос о связи языка и пола является одним из важнейших направлений в языкознании. Единственным показателем особенностей гендерологии является язык. Гендерные черты характерны для всех слоёв языка. Одним из аспектов этого является то, что художественные тексты отражают как явные, так и скрытые аспекты человеческой «старости» с точки зрения языка и пола. В гендерной лингвистике эти вопросы рассматриваются на основе особой формы концепта «старость» в художественном тексте. В гендерной лингвистике проведено множество исследований, направленных на выявление различий в устной и письменной речи мужчин и женщин. Гендерные особенности в языковой коммуникации между мужчинами и женщинами начали рассматриваться как естественные и физиологические аспекты, становясь объектом научного анализа. В данной работе изучается наличие гендерных языковых различий, связанных с биолого-физиологическими возрастными особенностями мужчин и женщин, с акцентом на гендерные аспекты концепта «пожилой». Цель исследования – выявить гендерные особенности речевых употреблений пожилых мужчин и женщин в художественно-поэтических текстах, а также провести их лингвистический анализ в гендерном аспекте. Результаты исследования показывают

различия в языковых употреблениях и индивидуальном лексиконе пожилых мужчин и женщин на основе анализа художественных текстов, в том числе в фонетических, лексических и грамматических категориях. Практическая ценность статьи заключается в том, что ее результаты могут быть использованы в курсах теоретического языкознания, теории межкультурной коммуникации, специальных курсах и семинарах по лингвоаксиологии, лингвокультурологии и лингвогендерологии.

Ключевые слова: гендерные особенности; пожилой; мужчина; женщина; коннотация; художественный текст.

Для цитирования: Акбердиқызы У., Жиренов С.А. Гендерная коннотация концепта «пожилой» в художественных текстах. *Tiltany*, 2026. №2 (102). С. 132-145. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-132-145>

Ulpan Akberdikyzy^{1*}, Sayan Zhirenov²

^{1*}Corresponding Author, Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-8346-8503 E-mail: ulpan-0392@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, ORCID:0000-0002-4544-1171 E-mail: saken82@mail.ru

GENDER CONNOTATION OF THE CONCEPT “ELDERLY” IN LITERARY TEXTS

Abstract. The question of the relationship between language and gender is one of the most important areas of linguistics. The only indicator of gender characteristics is language. Gender features are characteristic of all layers of language. One aspect of this is that literary texts reflect both obvious and hidden aspects of human ‘old age’ from the point of view of language and gender. In gender linguistics, these issues are considered on the basis of a special form of the concept of ‘old age’ in literary texts. In gender linguistics, many studies have been conducted to identify the differences in spoken and written language between men and women. Gender peculiarities in language communication between men and women began to be considered as natural and physiological aspects, becoming the object of scientific analysis. This paper investigates the presence of gender linguistic differences related to the biological and physiological age-related features of men and women, focusing on the gender aspects of the concept ‘elderly’. The aim of the study is to identify gender specifics of speech uses of elderly men and women in fiction and poetry texts, as well as to conduct their linguistic analysis in the gender aspect. The results of the study show differences in language use and individual vocabulary of older men and women based on the analysis of fiction texts, including phonetic, lexical and grammatical categories. The practical value of the article lies in the fact that its results can be used in the courses of theoretical linguistics, theory of intercultural communication, special courses and seminars on linguoaxiology, linguoculturology and linguogenderology.

Keywords: gender features; elderly; male; female; connotation; literary text.

For citation: Akberdikyzy, U., Zhirenov, S. Gender Connotation of the Concept “Elderly” in Literary Texts. *Tiltany*, 2026. No.2 (102). Pp. 132-145. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-132-145>

Кіріспе

Адамзат баласының басты құндылықтарының бірі – тіл. Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты байланыстырушы құрал. Қазіргі жаһандану заманындағы тіл білімі саласында тіл иесі «адамға» бағытталған мәселелерді зерттеу өзекті саналады. Адам баласының жалпы болмысын, табиғи қасиетін, әлеуметтік-мәдени немесе гендерлік ерекшеліктерін айқындауда оның физиологиялық жас ерекшелігі маңызды рөл атқарады. Адам өмірінің жас мөлшеріндегі физиологиялық, биологиялық, нейрологиялық сипаттарын тіл арқылы анықтауға болады. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруға қатысты көптеген зерттеулерде адамның жас ерекшеліктері арнайы нысан ретінде бірсыпыра ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Адамның жас ерекшелігі мен табиғи жынысына байланысты физиологиялық даму кезеңдерінің тілдік санаға өзіндік ықпал ететіні анықталып, бұл мәселені биологиялық, физиологиялық, анатомиялық, неврологиялық, гендерологиялық және басқа да тоғыспалы ғылыми зерттеулер аспектілерімен сабақтастықта қарастыру қажеттілігі туындайды.

Тілдік қолданыста адамның физиологиялық жасының кезеңдері гендерлік тұрғыдан өзіндік атаулар (ұл/қыз, бозбала/бойжеткен, күйеужігіт/қалыңдық, жігіт-желең/қыз-қырқын, әке/ана, отағасы/отанасы, еркек/әйел, шал/кемпір, қарт/кейуана, т.б.) арқылы беріледі. В.И. Даль жас ерекшелігін, жастық шақ пен қарттықтың өсу немесе жетілу дәрежесін мынадай кезеңдерге бөлу арқылы көрсетеді:

- 1) нәресте кезең;
- 2) жасөспірім кезең;
- 3) жастық кезең (ержеткен, бойжеткен кезең);
- 4) кәрілік кезең (Даль, 2006: 341). Ғалымның бұл жіктелісі жалпы адам жасына қатысты

болса, қазақ халқында адамның жас мөлшерінің кезеңдерінен бөлек гендерлік айырманың өзі кезеңдік тұрғыдан жеке-жеке сипатталады. Мәселен жазушы Ғ. Мүсіреповтің «Ата – кәрі тәжірибе, бұрнағы күн. Әке – кеше мен бүгін. Бала – бүгін мен ертеңгі күн. Немере – қалыс. Тіршілік ешнәрсені ұмытпаған» – деген даналығының астарында ер адамның әр кезеңіне тән ерекшеліктер этникалық дүниетаным арқылы суреттеледі. Сол сияқты әйел адамға қатысты «бала келін – ана келін – дана келін» секілді тіркестер белгілі бір дәрежедегі жас мөлшеріне қатысты этностың ұжымдық санасындағы өлшемдік ұғымдарды білдіреді.

Әлемнің тілдік бейнесіндегі «жас» концептосферасын қарастыра отырып бірізетте танымдық және бағалау сипатын беретін төрт кезеңге бөлуге болады: хронологиялық, биологиялық, әлеуметтік және психологиялық (Бахаева, 2020). Хронологиялық жас – 10, 20, 30, 40 және т.б. сандардың мөлшерімен айтылады. Биологиялық жас – белгілі бір өмірлік жол: балалық шақ, жасөспірім шақ, ақыл тоқтатқан шақ және қарттық кезең. Әлеуметтік жас – тілде арнайы бірліктер арқылы көрініс табатын еңбек және отбасылық қатынастарды білдіреді (бала, ата-ана). Психологиялық жас – жеке адамның жас санатына тәуелсіз тәжірибе. Психологиялық жас – жекелеген индивидтердің психоэмоционалды және интеллектуалды әлеуетіне қарай ерекшеленеді. Қазақ тілінде «ойға кәрі, бойға жас» деген паремияның астарында физиологиялық тұрғыдан жас болғанымен, ойлау мәнері, дүние туралы көзқарасы ерте есейген адамға қарата айтылатын бейнелі тіркес саналады. Демек, психологиялық жас әр адамның болмысына сәйкес стандарттауға келмейтін, дербес категория саналады. Адамның жас мөлшеріне қатысты ұғым-түсініктері әр этностың дүниетанымына қарай биологиялық, физиологиялық, гендерологиялық, аксиологиялық, мәдениеттанымдық ұстанымдары мен көзқарастары тілдік қолданыстардан көрінеді.

Тілдік белгінің семантикасына қатысты мәселелердің арасында коннотация маңызды рөл атқарады. Ғылыми зерттеулердің негізгі айырмашылықтары бойынша оларды жіктей отырып коннотацияның әртүрлі құрылымдық типтері анықталады. Олар: ұлттық-мәдени, фондық, стилистикалық, гендерлік және т.б.

Бағалау құбылысын Е.М. Вольф жан-жақты зерттей келе, аксиологиялық (бағалаушы) мағынаны сөздің семантикасының коннотативтік компоненті ретінде көрсетеді (Вольф, 2002: 11). Ал ғалым Қ.Ө. Есенова коннотацияның негізгі мәні реңк, бояу деген мағыналармен өзара астас екендігін көрсетеді. Коннотация сөздердің мәтіннен тыс экспрессивті мағыналары болса да, сол тілде сөйлеушілердің санасында әсерлілік сипаты қосарлана жүреді. Мысалы «әже» сөзінің тікелей лексикалық мағынасы отбасы мүшесін білдірсе, бұл сөздің коннотациялық мағынасы «ақылгөй», «дана», «мейірімді», «немерелеріне қамқоршы», «шаңырақтың берекесі» секілді эмоционалды, мәдени мағыналы жиынтықтарды қамтиды.

Коннотация термині лингвистика мен әдебиеттану ғылымдарында сөздердің немесе сөз тіркестерінің әртүрлі мәнмәтіндерде қолданылатын қосымша мағыналарын сипаттау үшін қолданылады. Олар оң, теріс немесе бейтарап болуы мүмкін (Арынбаева, Байғұтова, 2024). Ең бастысы, коннотациялар екінші номинативті тілдік бірлік қана бола алатынын ұмытпауымыз керек.

Аталмыш зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық маңызы қазақ тіліндегі «қарт» концептісінің лингвомәдениеттаным мен лингвоаксиология ілімінің негізгі мазмұнын дамытып, гендерлік, мәдени құндылығының коннотациясын көрсетеді. Адамның биологиялық жас мөлшер кезеңіндегі «қарттық» циклы тілдік тұрғыдан гендерлік сипатымен де ерекшеленеді. Ақын-жазушылар туындыларындағы «қарт» концептісінің қолданысы мен этникалық дүниетанымдағы гендерлік түсінігінің бейнелі-танымдық, бағалаушы сипаты арнайы қарастырылады.

Зерттеу нәтижелерін теориялық тіл білімі, мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы, лингвоаксиология, лингвомәдениеттаным және гендерлік лингвистика бойынша арнайы курстар мен семинарларда қолдануға болады, бұл мақаланың практикалық құндылығын айқындайды.

Зерттеу жұмысында адамның жас ерекшеліктерінің ішінде «қарттық» кезеңіне арнайы тоқталып, этникалық дүниетаным мен гендерлік түсініктегі жас мөлшерінің тілдік санадағы образды бейнесі гендерлік лингвистикалық аспектіде талданады.

Материал және әдістер

Көркем мәтіннен жинақталған мысалдардағы гендерлік тіл бірліктеріне семантикалық талдау жасау барысында танымдық, сипаттамалық, саралау, топтастыру әдістері пайдаланылды. Зерттеудің теориялық тұжырымын айқындау үшін гендер және коннотация ұғымдарына шолу жасалды.

Деректерді жинақтау барысында отандық ақын-жазушылардың еңбектері негізге алынды. Оның ішінде Ш. Мұртаза, Б. Момышұлы, М. Мақатаев, Т. Әбдіқұлының туындыларындағы «қарттыққа» қатысты мысалдар коннотациялық тұрғыдан гендерлік контексте қарастырылды. Көркем мәтіндердегі «қарт» концептісінің гендерлік қырын сипаттау барысында олардың ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктері анықталды. Отандық және шетелдік ғалымдардың аталған тақырыпты зерттеулері, ғылыми-теориялық еңбектері мен лингвистикалық зерттеу әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Саралау тәсілі арқылы жинақталған материалдарға этнографиялық, түсіндірме, синонимдік, фразеологиялық сөздіктерден түсініктеме берілді.

Әдебиетке шолу

Тілдік қолданыстағы «қарт» ұғымы жалпы адамға қатысты айтылатын жасы келген, биологиялық және физиологиялық дамуы тежелген, өмірлік тәжірибесі толысқан, табиғи қалыпты үдерісті айтады. Қарттық – адам баласына ортақ, ұлт пен ұлысқа тән, жынысқа бөлінбейтін процесс. Қарттық ұғымына қатысты тілдік қолданыстар ер мен әйелдің жас мөлшеріне қарай тілдік дискурста өзара жіктеледі. Яғни, ер адамға қатысты қарттық яки кәрілік ұғым-түсініктер мен атаулардың қолданысы және әйел адамға қатысты ұғым-түсініктер мен атаулардың қолданысы болып жіктеледі. Қарттық процесс адамзатқа ортақ құбылыс болғанымен ондағы ұғым-түсініктер жынысқа (гендер) келгенде бөлек болатындығын тілдік қолданыстардан анықтауға болады.

Адам болмысындағы еркектік және әйелдік физиологиямен олардың дүниетанымы деген мәселелерді салыстырмалы түрде зерттеген Аквинат Т., Бахаева Л.М., Николас Д., секілді көптеген ғалымдар гендерлік мәселелерде жас ерекшеліктің де өзіндік басымдықтары мен иррационалды ықпалының барын жоққа шығармайды.

Қазақ тілтаным ғылымында соңғы жылдары тіл мен гендерлік қатынастардың өзара сабақтастығы кеңінен қарастырылуда. Отандық лингвистикада гендерлік мәселелерді зерттеген ғалымдарға Г.Т. Шоқым, К. Жумашева, Г.Б. Мамаева, А. Байғұтова секілді ғалым зерттеушілерді жатқызуға болады.

Көркем мәтіндердегі қарттық кезеңдегі ер мен әйелдің болмысына тән табиғи ерекшеліктер гендерлік алуан түрлілікке негізделеді. Қарттық кезеңдегі ер мен әйелдің табиғатына тән гендерлік ерекшеліктер олардың мінез-құлықтарына, дербес қасиеттеріне, әлеуметтік орнына, ұлттық стереотиптерге, этникалық нормалар мен құндылықтарға сәйкес көрінеді (Төреханова, Анесова, 2021).

Зерттеу жұмысындағы ғылыми тұжырымдар «қарт» концептісінің гендерлік коннотациясын талдау арқылы жас мөлшеріне қатысты ұғымдарды жаңаша тануға жол ашты. Адам баласының әр дәуір мен жас кезеңіне байланысты «қарт» концептісінің өзгеріп отырғаны анықталды. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін тіл білімі бойынша ғылыми жұмыстар жазуда, арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға болады.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ мәдениетіндегі «қарттық» кезең этноәлеуметтік тұрғыдан «қастерлі», «сыйлы», «батагөйлік», «данагөйлік» деген ұғым-түсініктермен өзара астасып, биік мәртебелі кезең болғандықтан лингвистикалық аспектідегі лингвоаксиологиялық және тілдік коннотациялық тұрғыдан зерттеуге негіз болады. «Қарттық» кезеңнің тілдік тұрғыдан бедерленуі көркем мәтіндер арқылы айшықталады. Көркем мәтіндердегі қарттыққа қатысты гендерлің пресуппозициялық мәнін түсіну үшін қарттық кезеңдегі адамның жан әлеміндегі эксплицитті және имплицитті мағыналарын айқындап алу қажеттігі байқалды. Яғни, көркем мәтіндердегі

«контекстік мағына тек оның семантика-стилистикалық күшімен ғана анықталмайды, сонымен қатар, осы кезеңде өмір сүрген социумның белгілі бір этникалық ұжымда қолданылатын эстетикалық нормаларымен де анықталады» (Елемесова, 2003: 20).

Саралау әдісі арқылы жинақталған материалдар маскулиндік, феминистік концептосферасын ғана емес, сондай-ақ заманауи гендерлік сәйкестендірудің негізгі белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында «жас мөлшері», «сыртқы келбет», «рухани құндылық» секілді түсініктер сипатталды.

Этникалық дүниетаным мен мәдени тұрмыстық өмірдегі тілдік қолданыстағы қарт ер адам макроконцептісінің бірнеше микроконцептілері бар: *қария/кәрия – ақсақал/қарасақал – қарт – ата/елдің атасы/ауылдың атасы/хан ата – шал/шауқан – абыз – баба – дана* т.б. секілді микроконцептілер синонимдік қатарлар ғана емес, әрбір атаудың астарында лексика-семантикалық ұғым-түсініктермен қатар танымдық мағынамен қатар гендерлік код бекітілген. Аталған атаулар тек ер адамның қарттық кезеңіне ғана бағытталған лексикалық бірліктер саналады. Жоғарыда аталған микроконцептілерге сөздіктерде мынадай анықтамалар беріледі. Қарт – жасы ұлғайған, қартайған адам. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде шал лексемасына өз үй-іші шаруасымен айналысатын, әлеумет ісінен сырттай жүретін, бала-шаға қамында өзімен-өзі болған қарт кісі деген анықтама беріледі. Демек, билік басында жүрген, әлеуметтік орталарда қоғам белсендісі болып жүрген қартайған ер-азаматтарға шал деген атауды қолдану орынсыз. Ал қария – көп жасаған адам; қарт. Әдеби сөздікте қария лексемасына көрген-білгені мол, көп жасаған деген анықтама берілген. Қарияларды кәрі құлақ қариялар, шежірелі кісілер, көнекөз қариялар, сөз ұстар қариялар деп те атайды. Ақсақал – ел билеген ру басы, жасы үлкен сыйлы адам. Ақсақал-қарасақал – бас көтерер үлкен үлкен-кіші. Абыз – аса білгір, білімдар адам. Ұлттық санада *абыз* деп қарт адамға теңеу мәнінде де қолданылады. Ер адамға қатысты аталған қарттыққа негізделген лексикалық бірліктер ер азамат жынысына ғана тән тілдік қолданыстар саналады. Ал мұндағы аталымдар әйел адамға қарата қолданылмайды. Демек, қарттық ұғымының астарында гендерлік мәнділіктің болатындығын байқауға болады.

Адам баласының қарттық кезеңі – ерге де әйелге де ортақ үдеріс. Алайда қарттық кезеңнің әлеуметтік, психологиялық, қоғамдық сипаты ер мен әйелде белгілі бір дәрежеде гендерлік тұрғыдан ерекшеленеді. Қарттық кезеңдегі ер адамның әлеуметтік статусы әйел адамға қарағанда сәл жоғары болады. Қарттық кезеңдегі ер адамда ақылмандық, батагөйлік, данагөйлік, төрелік секілді функцияларды атқаратын болса, әйел адамда отбасындағы қамқорлық, мейірімге бөлеу секілді қызметтерді табиғи тұрғыда иемденеді. «Адамзат тарихындағы іргелі түсініктердің қатарында «еркек-әйел» оппозициясының аталатыны белгілі. Ертедегі еңбектің жынысқа қарай бөлінісі еркектің асыраушы (аңшы т.б.) ретінде тұрмыста үстемдікке ие болып, абсолютті тұлға ретінде орнығуына жағдай жасады. Ерлердің қызметі табиғатпен бірге әйелді де бағындырды. Олар әйелдерді өздерінің жартысы деп танып, оны өздерін толықтыратын екінші «мені» ретінде ғана мойындады, ол ұғым прецедентті мәтіндерде дәйектелді» (Байғұтова, 2008: 38).

Тілдік қолданыстағы *қарт әйел адам* макроконцептісі: *кейуана – әже – кемпір – ебей – ебене* секілді бірліктерден тұрады. Көркем мәтіндердегі «Есіктің алды ебене, Ерлер киер кебене. Кеткен кісі келер ме, Алғанын тәңір бере ме» деген батырлар жырындағы ебене лексемасы мен «Айналайын ақыл табарға Есіктегі *ебесін*, Сонда, ханым, не дейсің. Мен жоқ болсам, Есім хан» деген жыр толғаулардағы *ебесін* лексемаларымен қатар, «Есік алды ебейін, Күйген үрер көмейін. Алдымда тұрған Барынау, Шалдың қарны тоқ па екен» – эпостық жырлардағы *ебейін* лексемалары бұл күндері тілдік қолданыстан шыққан ескілікті (тарихи) сөздер қатарына жатады. Аталған көркем мәтіндердегі «*ебене – ебесін – ебейін*» лексемалары тек әйел адамның қарттық кезеңін сипаттайтын лексикалық бірліктер саналады. Тілдік қолданыстағы әйел адамның қарттық бейнесінің белсенді атауы – «кемпір» лексемасы. Түсіндірме сөздікте *кемпір* – жасы ұлғайған, қартайған әйел деген анықтама берілген. Кейуана – жасы ұлғайған кәрі ана, кемпір, ауыспалы мағынасы мейірімді, шапағатты (жалғыз өркешті көп боталаған ұрғашы түйе тұқымының құрметті кәрісі). Кемпір-шал – жасы ұлғайып қартайған әйел-еркек. Тілімізде қолданылып жүрген «кемпір» сөзі «жексе әйел» деп аударылады. Ә. Қоңыратбаев «кемпір» этимологиясына «қам пір» деген түсінік берген. Мұндағы «қам» Шығыс Қазақстанда сақталған

«бақсы» деген ұғымды беретін көне атау, ал «пір» иран тілінен шыққан сопылық деген мағынаны береді (Қоңыратбаев, 1987:181).

«Қарт» концептісі адам баласының рухани құндылықтарының бірі болғандықтан қоғамда алатын орны ерекше. Қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасы мен ұлттық ой-санасының өркендеуінде *қарттық* ұғымы терең мағынаға ие. Қазақ танымында «қарт» концептісі келесі аспектілерде байқалады: отбасы және ұрпақ, адамгершілік және рухани байлық, құрмет және сыйластық. Қарттық кезең – этнос мәдениетінде ерекше құрметке ие цикл. «Қарттықты қазынаға балау» этнос мәдениетіндегі дәстүрлі стереотиптерге жатады. Қарттық – ақылдың кеніші, отбасылық ырыс пен дәулеттің көрсеткіші саналады. Сондықтан да «қарттық» концептісі – лингвоаксиологиялық мәнділікке ие бірлік.

Көркем мәтіндерде қарттық концептісі әралуан танымдық мағыналық сипат алады. Көркем ой ақиқат өмірдің санадағы суретті бейнесіне негізделеді. Осы жағынан келгенде көркем мәтіндердегі қарттық концептісі: жасы келу, ақыл тоқтату, парасаттылық, даналық, абыздық, батагөйлік, шарасыздық, дәрменсіздік, алаңдаушылық, уайымшылдық, діндарлық, тақуалық т.б. секілді тезаурустық тізбектерге құрылып, көптеген концептілік мазмұнға ие болады.

Қазақ халқы үлкен кісілерге әрдайым ізет көрсетіп, жасын сыйлау (сақалын сыйлау), құрмет көрсету үдерісін этностереотип ретінде орнықтырған. Мәселен: Су ағады, тас қалады, кәрі кетеді, жас қалады (жастық пен кәріліктің өлшемі аққан суға теңестірілуі арқылы жастықтың шегі кәрілік екендігін түсіндіруге негізделеді); Жас жүрген жер – мереке, қарт жүрген жер – береке (жастықтың кезеңі той-думанға құрылуы жастық максимализмнің нәтижесі саналса, қарттық ұқыптылық пен жинақылықтың, қамқор көңілдің нәтижесі берекеге бастайды); Кәрісі бардың – ырысы бар (жасы келген адамның көрген-білгені, көңілге түйгені көп болғандықтан қарттарды қазынаға балап, қарты бар үйді берекелі үй деп суреттеп жатады); Үлкенге – құрмет, Кішіге – ізет (қазақ халқы ертеден қартын қастерлеп, ешқашан алдын кесіп өтпеген, ал кішіге ізет көрсетіп, мейірбандық танытқан); Кішкентай үлкенге қарсы тұра алмас, Қырғи сұңқарға қарсы шыға алмас (кез келген қоғамда жастарды егде адамдарды сыйлап, батасын, ақылын алып қалуға тырысады); Жақсы адам қартайса, жазып қойған хаттай, жаман адам қартайса, бықсып жанған шамдай (қазақ халқының тілдік санасында қарт ұғымы елді басқаратын, дау-дамайды шешетін көсем деген ұғым қалыптасқан, алайда заман өзгерген сайын «қарт» концептісі өзгеріп әлжуаз, сөзін саралап айта алмайтын, бір ауыз батасын дұрыс бере алмайтын т.б. ұғымдар қалыптасуда) деген мақал-мәтелдердің мәдени семантикасында қарттыққа деген құрмет пен сыйластықтың этникалық үлгісін көруге болады. Демек, коннотациялар да уақыт өте келе және түрлі тарихи-мәдени жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін.

Қазақ мәдениетінде қарттық ерекше құрмет пен сыйластықтың биігіндегі категория. Қарттыққа жету физиологиялық және биологиялық жас мөлшері ғана емес, үлкен моральдық биік көрсеткіш. Қарттыққа жетудің жолдары ретінде этномәдениетте көптеген ұғым-түсініктер қалыптасқан. Мәселен, қазақтың этнографиялық сөздігінде «адамда ас шайнайтын негізгі құралы ретінде азу тіс саналатындықтан оның түсіп қалуы, мұқалуы қартаюдың нышаны ретінде бағамдалады. *Азу шалды* деген тұрақты тіркес егде тартты, жасы ұлғайды деген мағынаны білдіреді». «Ақ шашты / басын ақ (қырау) шалған – қазақы ортадағы дәстүрлі түсінік бойынша жасы «жер ортасынан ауған», шашына ақ түскен адамға қатысты айтылатын, жас ерекшелігін білдіретін ұғым. Өмір заңы бойынша жасы ұлғайған кезде, адамның ақыл-ойы толысып, өмірге парасат пайыммен қарайтын, «көшелі адамға» айналады.

Тілдегі «ақ шашты, ақ самайлы» деген фразалардағы ақ шаш пен самай – жасы ұлғайған, егде әйел деген мағынаны білдіреді. Қарттық бір белгісі шаш пен самайдың ағаруымен бейнеленеді. Этномәдениетті «ақ шашты, ақ самайлы» адамға деген құрмет жазылмаған заңдылықтар арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар жарыса қолданылатын «ақ жаулық» деген фраза – «әйелдердің ақ түсті орамалы. Ақ орамал әйелдерді бас киіміне қарап ажырататын белгі болғандықтан, *ақ жаулық* атауы «әйел», «жұбай», «қосақ» тәрізді ауыспалы мағынада да жұмсалады. «Бірінші байлық – денсаулық, Екінші байлық – ақ жаулық, Үшінші байлық – он саулық» деп келетін мақал қалыптасқан. *Ақ жаулықты* балалы болған, кимешек киген

келіншектер мен үлкен әйелдер салған. Ел арасында жібектен тоқылған ақ жаулықты ақ желек деп атаған, оны жас келіншектер тартқан».

Қарттықтың мазмұнын білдіретін *қария*, *шал*, *ақсақал* лексемаларына гендерлік-лингвистикалық талдау жасау арқылы адамның қарттық кезеңнің гендерлік мәдени және әлеуметтік түсініктерін көруге болады. Қарт, қария лексемалары ер мен әйелдің жас мөлшерінің ұлғайған, ақылы толысқан, кемеліне келген кезеңін бейнелейді. Алайда қарттық әр адамның туа бітті болмысына қарай әртүрлі жағдайда өтетін процесс. Бір адамдар қартайғанда ақылман, батагөйге айналса, енді бірі керісінше «қартайғанда бір балаға» айналады. Тілде «қартайғанда бір бала» дейтін тіркес бар. Бұл тіркестің мәнісі қартайған адам баладай көңілшек, аңғал да аңқау, сенгіш те сезімтал келетіндігіне қатысты айтылған образды сөз саналады. Яғни, қарт – «қартайып жасы келген адам. Қазақы ортада жасы үлкен, егде тартқан кісілерді көпшілік тарапынан *қария* немесе *қарт* деген. Дәстүрлі ортада *қария* деп ер кісілерді атаса, *қарт* деп ер кісімен бірге жасы үлкен әжелерді де атау орын алған. Айталық, халық арасында «қартайғанда бір бала», «күлсең көріге күл» сынды тіркестер аталмыш кезеңде адамның бұрынғы қайраты кеміп, заманының өткенін көрсетсе керек.

Жамбыл жырларының бірінде адам жасының осы бір кезеңіне байланысты дәстүрлі қазақы ортада ежелден қалыптасқан көзқарасты білдіретін төмендегідей жолдар бар:

*Көкірегің кірілдеп,
Көздің алды іріңдеп.
Қаз-қаз басқан баладай,
Буындарың дірілдеп,
Қартайған соң немене,
Қауіп ойлар күнің көп.*

Көнекөз қариялар мен қарттардың дәстүрлі қазақы ортадағы отбасында ғана емес, социумда де айырықша ықпалы болды. Қарттың қоғамдағы алатын орнына, құрметі мен сыйына байланысты «ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген мақалы осы жайтты білдіреді».

Ерлер мен әйелдердің қарттық кезеңінің даму эволюциясы олардың жеке тұлғалық болмысына қарай әртүрлі сипатта болады. Ерлердің басым бөлігі қартайғанда жасы үлкендік статусына еніп, қоғамдық-әлеуметтік қызметтерде ықпалды болса, әйел азаматтардың отбасылық-әулеттік қатынастардағы белсенділігі арта түседі. Осыған сәйкес ерлер мен әйелдер қарттық кезеңге өздерін іштей және сырттай дайындап, бейімделеді. Бұл тұжырымды көркем әдебиеттердегі тілдік деректерден де көруге болады: «*Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атаны сағынбайсың-ау», – деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сұртты.*

– *Кел, келе зой, әй, – деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. Шалдың баласысың зой, кел. Қитар ұл енді ешкімге бармады. Тіпті шақырған Ерекеңнің өзіне де жолаған жоқ.*

– *Келсеңші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? – деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады»* (Т. Әбдікұлы. Қонақтар).

Жоғарыда берілген мәтіндегі ата мен немеренің арасындағы қатынастың эмоционалды бейнесі суреттеледі. Қазақ халқының танымында ертеден әрбір әулетте ата жолын жалғастыратын ұл болуды мұрат еткен. Яғни патриархат заманының қалдығы сақталған. Патриархалды қоғамда әйел адамның жұмысы ана атану, бала бағу, үй шаруасымен айналысу. Ер адамға әулет жалғастырушы ізбасары, отбасын асыраушы, отбасының басшысы секілді рөлдер беріледі. ХХІ ғасырда әйелдер жоғары білім алып, ерлермен қатар мемлекеттік қызмет атқарып, билікке араласқанымен, ер адамның отағасы әрі отбасының асыраушысы екендігі туралы патриархалдық түсінік қоғамдық санада терең орныққан. Ер адамдар қартайған шағында көбіне артында қалар ұрпақ жайлы көп уайымға салынады және қазақ халқында немере, шөберелер ата-әжесінің көзінше әкемнің немесе анамның баласымын деп айтпаған, есесіне шалдың баласымын, атамның баласымын деп айту әдеті қалыптасқан. Бұған «*Атадан пұл қалғаниша, ұл қалсын*» деген фразеологияны дәйек ретінде келтірсе болады.

Қазақ тіліндегі поэтикалық мәтіндерде жас буын, орта буын, егде буын, қарттық кезең қатар суреттеліп, өзара салыстырулармен этномәдени бағалауыштық сипатта өріледі. Жасы келген ер адамдарға *қария, ата, ақсақал, шал* деген лексемалар қолданылады. Көркем шығармалардағы қарт еркек пен қарт әйелдің мәдени сипаттамасы әлеуметтік, этникалық, гендерлік мәнділіктерге ие болады. Көркем мәтіндердегі «Қарт» концептісі жас мөлшерінен бастап, гендерлік ерекшелікті, биологиялық болмысты, физиологиялық қуатты, эмоционалды әрекетті, интеллектуалдық көрсеткішті, этностереотипті, әлеуметтік мәнділікті, мәдени түсінікті лингвоаксиологиялық тұрғыдан сипаттайды. Оны төмендегі Кесте 1-де келтірілген көркем мәтіндерден көруге болады.

Кесте 1 – Ер адамға қатысты қарттық кезеңнің поэтикалық бейнесі

Таблица 1 – Поэтический образ мужчины в старости

Table 1 – The Poetic Image of a Man in Old Age

<i>Қарт ер адамға қатысты гендерлік стереотип</i>	<i>Қарт ер адамға қатысты гендерлік стереотиптің көркем мәтіндердегі бейнесі</i>
Қарттыққа бой алдырған ер адам бейнесі	Отанды қорғау – салтымыз Мен арқалық кәрі шал, Көп естідім, көп көрдім, Талайды бастан өткердім. Шапан еттім төсенген алашамды, Қамқор тұтып қауқарсыз қара шалды”
Егде жастағы ер адамның қоғамдық-әлеуметтік дәрежесі	Бидің үйі, Іленің жағасында. Жақсы менен жайсаңның бәрі осында. Қарасақал, ақсақал – алқалы топ, Алдына алып бір істі қарасуда, бірі көнсе, біреуі таласуда. (М. Мақатаев)
Егде жастағы ер адамға берілетін оң көзқарас	Кең құшағы саялы Қаратаудай, Алақаны аялы Алатаудай. Әңгімесін тыңдасаң қарттарымның, Көңілің жай тауып бір қалатындай. Ақсақалдар сарқылмас дариялар, Әр сөзінен көңілге бақ ұялар
Қарттықтың дәрменсіздігі	Қартайып арыстанның әлі кетті *** Етекпен тартып үйде қалдырдың-ау, Салмағың қара тастай, шіркін тоқсан. *** Бүгіліп белің, Таусылып әлің, Аяқ пен белің құрысып. «Кәрі итім, шат» - деп, «Сөйлемей жат» - деп, Қатының кетсе ұрысып. Өлмегенге қара жер, Онан да өзің бара бер. (Шәкәрім) Бозбала едім, сақал бітті, қайралдым, Қара құзғын ем, ақ құсқа айналдым. Өмір күйін шырқатып, Отырмын шыңның басында. 90 жасқа келген Доскей ақын қартайдым дегенді шыңның басына теңеп, өмірінің соңын сипаттайды. Шал лексемасы жағымды-жағымсыз коннотациялық сипатқа ие.

Қоғамдық қатынастардағы гендерлік мәселелер ер мен әйелге қатысты категориялардан ғана тұрмайды. Тұрмыстық өмірдегі гендерлік мәселелер физиологиялық, анатомиялық, әлеуметтік жағынан ортақ қатынасқа құрылады. Ол ортақ қатынастардағы ер мен әйелдің қартайып, қарттыққа бой алдыратындығы екеуіне де ортақ табиғи процесс. Осымен байланысты қарттық кезеңдегі ер мен әйел өзіндік гендерлік рөлдеріне қарай, дербес құқықтары мен міндеттері жағынан ажыратылады. Көптеген мәдениеттерде егде жастағы қарт кісі қоғамның құрметті азаматы, дәстүр мен діннің жалғастырушысы ретінде қабылданады. Ол сондай-ақ дана, сабырлы, көпті көрген деген ұғым-түсініктермен ассоциацияланады. Мәселен: – *Қайнаға-ау, қара ешкіні жер жұтып кетті ме? Қайда қалды? – деп сұрады.*

– *Апыр-ай, ә! Табылмады ма? – деп қара шал сасқалақтады.*

Сөйтіп, біздің үйге, көптен бері қонақ келмеген үйге, сонау Көксайдан Қырғыз ата келді. Бүкшііңкіреп қалған қарт екен. Сақал-мұрты аппақ құдай. Көзінің жиектері қызарып, жасаурап тұрады екен. Біздің бәрімізді құшақтап, сүйіп, «қағылайын, қағылайын» деп жатыр. «Айналайын, айналайын» дегені (Мұртаза III. Ай мен Айша). Бұл мәтінде жазушының қазақ тілінде жиі кездесетін ұлттық мәнділігі жоғары айналайын-айналайын, апыр-ай, ә! деген сөздердің қарт адамдардың лексиконына ортақтығы мен ер мен әйел адамның дискурсына сәйкес, өзіндік фонологиялық, коннотациялық ерекшеліктері бар.

Қазақ тілінде қарттық кезеңдегі әйел адамның көркем мәтіндердегі гендерлік мазмұнында отбасылық қатынастың тірегі, ерекше құрметке ие субъект ретінде саналады. Қазақ мәдениетіндегі қарттық кезеңдегі әйел тек қарапайым отбасының тұтқасы ғана емес, отбасылық, әулеттің, рулы елдің анасы саналады. Оның әлеуметтік қызметі ер азаматтармен теңестірілген, жанама күшке ие қызметтерімен астасып жатады.

Осымен байланысты қазақ әйелдері мен ерлерінің арасындағы өзара ықпалдастық пен мүдделестік жазылмаған ұлттық ережелер негізінде жүзеге асады.

Кесте 2 – Әйел адамға қатысты қарттық кезеңнің поэтикалық бейнесі

Таблица 2 – Поэтический образ женщины в старости

Table 2 – The Poetic Image of a Woman in Old Age

<i>Қарт әйел адамға қатысты гендерлік стереотип</i>	<i>Қарт әйел адамға қатысты гендерлік стереотиптің көркем мәтіндердегі бейнесі</i>
Егде жастағы әйел адамның жасы	Кемпір, әже, кейуана, апа т.б.
Әйел және қоғам (егде жастағы әйел адамның қоғамдағы рөлі)	От жанды, ас та келді алдарына, Айналды жалғыз түтін малды ауылға. Мал дейтін мақұлықтар риза ғой. Қазақтың кемпірі мен шалдарына. (М. Мақатаев)
Егде жастағы әйел адамға берілетін оң көзқарас	Әже, сен бірге жүрсің меніменен, Өліге мен өзінді телімегем. Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем, Ақ кимешек асытынан сені көрем. (М. Мақатаев)
Егде жастағы әйел адамға берілетін теріс көзқарас	Жетімдерде үн бар ма, Сөйлейтұғын тіл бар ма, Осы қу бас, кәрі иттен Құтылатын күн бар ма? Өгей шешесін кәрі итке теңеп отыр
Егде жастағы әйелдің сырт келбеті, мінезі	Ал, енді кез боп қалса жаман қатын, Білдірер пиғылынан есек затын. Жыландай сүйір тілмен шағып-шағып, Күннен-күн артылтпай ма кесапатын?! Жыландай құр сыртымен жылтырайды, Уменен кісі өлтірер толған іші. (Машхур Жусип)

«Антропоцентристік бағыттағы қазіргі тіл білімінде бүгінде гендерлік лингвистика деп аталатын, ерлер мен әйелдердің тілдік ерекшеліктеріне назар аударатын лингвистиканың жаңа

қыры пайда болды. Ер мен әйел әртүрлі позициялардан ерекшеленеді: генетикалық, діни, мифологиялық, психологиялық, идеологиялық, қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, тілдік және т.б.» (Шоқым, 2024).

Көркем мәтіндерде кездесетін қарт әйелдерге қатысты *«арық ашаң кемпір, тарамысты мықты саусақтар, ерні мен иегін күйік шалып тыртықтанған әдемі ажар, кимешегінен дудырап шығыңқырап жүретін ақ шалмаған қара бұйра шаш»* секілді сөз орамдары этнос мәдениеті мен ұлттық болмысына сай образды сипат алады. Яғни, «адам дүниетанымындағы айнала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды танудағы тетіктердің бірі – тілдегі теңеулер арқылы жүзеге асады. Тілдегі теңеулер әлемі арқылы адам баласы қоршаған ортадағы дүние болмысын қарабайыр тілдік суреттеуден бастап, поэтикалық көркем бейнелеу сатысына дейінгі аралықта таниды» (Kulmanova, 2022). Сондай-ақ «қарт әйел» лексемасына қатысты авторлық қолданыстарда гендерлік ерекшеліктер астыртын суреттеледі. Мәселен: *Мені аяған кемпірдің қасына барып отырдым. Қурайдай жеп-жеңіл алақанымен басымнан сипалады. Басымнан ыстық күн өткендей шым-шым ете қалды. Кемпір әлгі салмақсыз, жеп-жеңіл қолын басымнан алып, кіртиген көзін көлегейлеп, тау жаққа қарады.* (Ш. Мұртаза. Ай мен Айша) деген көркем мәтінде әйел адамның қартайған шағында да нәзік, әлсіз, мейірімді, жылы жүзді, ер адамдарға қарағанда әлжуаз болатындығы бейнеленеді.

Тілдің лексикалық жүйесіндегі «кемпір» лексемасы кез келген қоғамда мәдениет пен өмір сүру салтына байланысты әртүрлі қолданысқа ие. Тілдік қолданыстағы «кемпір» лексемасы жағымды да жағымсыз семантикалық сипатқа енеді. Егде жастағы әйел, ер адамға қарағанда едәуір сыпайы болып келеді, оның тілдік репертуарында түсіндіру, сендіру, кеңес беру, ұсыныстар, тіпті сөгіс немесе наразылық білдіруінің өзі әлдеқайда жұмсағырақ болып келеді (Svensson, 2024).

Егде жасқа жеткен кез келген адамда физиологиялық, эмоционалдық, ақыл-ой және тілдік тұрғыдан сөздік қорында көп өзгерістер орын ала бастайды. Шашы ағарып, бойы қысқарып, тістері мүжілумен қатар қолданыстағы сөздері жасының ұлғаюына байланысты ерекшеленеді. Этномәдени тұрмыста қарттық кезеңді әрбір индивид әртүрлі қабылдайды. Біреулер қарттық кезеңді мәртебелі, сыйлы кезең деп бағаласа, енді бірі өмірдің соңын өкініш пен уайымға балайды. Осыған сәйкес қарттықтың тілдегі коннотациялық мәні біркелкі емес, әркелкі боп келеді. Алайда қоғамдық ортаның қарттарға деген ерекше құрметі қалыптасқан.

Көркем мәтіндердегі «Қарт» концептісі этноқауымдастық өкілдерінің санасында құрмет мәнді бағалауыштық мағына арқылы қарттықтың ақиқат өмірдегі шынайы сипатын білдіреді. Поэтикалық мәтіндегі қарттық сөз өрнектері көптеген тілдік және логикалық модельдер негізінде белгілі бір гендерлік мәндегі образды суреттейді. Көркем мәтіндердегі «Қарт» концептісінің коннотациялық ішкі формасы, автор тарапынан берілген илеяның гендерлік жағынан әсерлі болуына ықпал етеді. «Қарт» концептісінің коннотаттық компоненті сөздің экспрессивті-бейнелілік сипатын күшейте отырып, кәрілік құбылысына қатысты субъективті бағалау мен көзқарасты білдіруге қызмет етеді.

Кесте 3 – Ер мен әйелдің қарттық кезеңнің образды бейнесі

Таблица 3 – Образ старости мужчины и женщины

Table 3 – The Image of Old Age for Men and Women

<i>Қарт ер адам образы</i>	<i>Қарт әйел адам образы</i>
Бүкшііңкіреп қалған қарт Сақал-мұрты аппақ құдай Көзінің жиектері қызарып, жасаурап тұрады	Қурайдай жеп-жеңіл алақаны Салмақсыз, жеп-жеңіл қолы Кіртиген көзі
<i>Қарт ер адамға тән одағай сөздер</i>	<i>Қарт әйел адамға тән одағай сөздер</i>
Апыр-ай, ә!, ей, ой, айналайын, қап, А? Ә, бәрекелді! О, пәлі, Паһ-паһ! Пай, жә, қап,	қарай гөр, әй, ойбай-ау, иттің күшігі, Құдайға шүкір, шырағым, қарай гөр, өләй, көтек,

3-кестеде берілген одағай сөздер адамның әртүрлі сезімінен шығатын дыбыстық шарттарды білдіреді. Қазақ тілінде қарт ерлер және әйелдер қолданысында одағай сөздерді жиі

байқауға болады.

Көркем мәтіндердегі «қарт» концептісіне қатысты уақыттың атрибуттары екі түрлі жолмен беріледі (*зат есім және етістік*): ғасыр, жыл, жаз, қыс арқылы белгілі бір жастық кедергіні жеңу, шығу, келу, кету, өмір сүру және кету мағынасын білдіретін етістіктердің көмегімен дискурста түседі.

– Ойбай, не дейді? – деді апам толық түсінбей.

– А? – деді әкем естімей қалғандай.

– Сабыр қыл Сейсен, – деді Ербатыр шал.

– Қайғыға берік едің зой, сабыр қыл. Артында тұяқ бар ...

«Құлынымдап» зарлаған апамның ащы айқайы шыққанда барып жаманат хабардың мағынасын толық түсіндім (Т. Әбдікұлы. Оралу). Кемпірлер қаралы хабарды естігенде зарлы үнімен жоқтау айтады. Барлық эмоциясын сыртқа шығарады. Ал шалдар тек бетін төмен түсіріп, жанындағыларға басу айтып сабыр сақтайды.

Екі кемпірдің басы қосыла қалған жерде:

– Мағрипаның қызының келісті-ақ таралып өскені-ай! Жібекше ширатылып тұр зой! – десетін ауыздарының суы құрып.

– Бетім-ау, әлгі он бес жыл дәсердей ғып оқытқан Күләндәнің қызына ұқсап, әке-шешені жерге қаратып, көлденең көк аттының етегін ұстап, тайып отырса қайтер едің?! Өзіміздің ауылға келгенін айтпайсың ба?! (Ш. Бейсенова).

Жалпы қарт әйелдер жиналған ортада эмоционалды-экспрессивтерге көңіл-күй көп орын алады. Әйелдерде әңгіме тақырыбына байланысты қорқу, жаны ашу, ұялу, жылау сезімдері байқалады (Мамаева, 2003: 42).

Әйелдердің психологиясындағы негізгі эмоциялардың бірі – қорқу, жаны ашу, аяу. Олар ер адамдарға қарағанда өзгелердің қайғысын өзінің қайғысындай көріп жаны ашиды. Бұл сезім әйелдердің тілдік қолданыстарында жиі кездеседі.

– И, алда байғұс-ай! – десетін кемпірлер аяушылық білдіріп (Ш. Бейсенова).

Физиологиялық, психологиялық қандай да бір жағдай орын алғанда, ерлер мен әйелдер түрлі әсер алып одан түрлі қорытынды шығарады. 4-кестеде көрсетілгендей қарт әйелдер ашуланған кезде *анафемалық лексиканы* (қарғыс сөздерді) қолданса, қарт ерлер *инвективтік лексиканы* (көне латын тілінен аударғанда балағат сөз) қолданады немесе күш көрсетеді (Nicholas, 2021). Тұрмыстық мәдениеттегі қарт әйелге тән гендерлік стереотип басым немесе бәсең; көркем шығармалардағы қарт ер адам мен қарт әйел адам образы физиологиялық тұрғыдан көбірек суреттелгенімен, олар қолданатын одағай сөздерде ерекшеліктер бар. Тұрмыстық өмір мен ауызекі стильде одағай сөздер қарт әйел адамдар лексиконында жиі кездеседі. Қарт кісілер сөйленісіндегі одағайлардың контекстегі қолданысынан дәрменсіздік пен шарасыздықтан туған көңіл-күйдің түкпіріндегі таңданыс, өкініш, қуаныш, мұң секілді ұғым-түсініктер одағайлар арқылы беріледі.

Кесте 4 – Қарттық кезеңге тән гендерлік бейәдеп сөздер

Таблица 4 – Гендерно-оскорбительная лексика, характерная для пожилого возраста

Table 4 – Gender-offensive Vocabulary Associated with Old Age

Қарт еркектің сөз қолданысындағы инвективті лексика (балағат, боғауыз сөздер)	Қарт әйелдің сөз қолданысындағы анафемалы лексика (қарғыс сөздер)
Ананды ұрайын-ай, әкеңнің аузын, әкең, енеңді ұрайын, өңкей әкеңді және т.б.	Көзің ақсын, қараң қалғыр, қара басыңа көрінсін, адыра қал!, атаңа нәлет, ой, бетің тіліңгір, қу шешек келгір, жаның шықсын, тілің кесілсін және т.б.

Көркем мәтіндерде қолданылмайтын тіл бірліктері, лексика немесе тұрақты тіркестер кемде-кем. Кез келген мәтін автор баяндамасынан бөлек кейіпкер сөзімен толығып жазылады. Ал кейіпкерлер (қария, шал, кемпір, ақсақал және т.б.) әртүрлі болуы мүмкін. Кейіпкер тілінде кәсіби, диалектологиялық немесе бейпіл сөздер де кездесіп отырады. Бейпіл сөздер көбінесе аз

аяда, шағын ортада, негізінен жігіт-желең арасында айтылып, ұрпақ жады арқылы жалғасын тауып отырады. Шектен шыққан аса дәреке, балағат-боқтық (инвективті) сөздердің өзі де этникалық мәдениеттің айғағы болып табылады (Сейітжан, 2024).

Қорытынды

Көркем мәтіндердегі «қарт» концептісінің гендерлік коннотациясы адам баласының жас ерекшелігі мен әлеуметтік рөлдеріне байланысты түрлі аспектілерді қамтиды.

1. «Қарт» концептісі адам баласының рухани құндылықтарының бірі болғандықтан қоғамда алатын орны ерекше. Қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасы мен ұлттық ой-санасының өркендеуінде қарттық ұғымы терең мағынаға ие.

2. Мақалада «қарт» концептісінің гендерлік коннотациясы, тілдік, рухани және мәдени негіздері жан-жақты талданды. Қазақ халқында қарттық ұғымы тек тілдік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар ұрпақ тәрбиесі, ұлттық құндылықтармен тығыз байланыста.

3. Ерлер мен әйелдердің қарттық кезеңіндегі өмірі, қоғамдағы қарттар туралы стереотиптер, гендерлік айырмашылықтар көрсетілді. Нәтижесінде қарт әйелдерге көбіне отбасындағы күтім мен эмоционалдық қолдау, балаларға тәрбие беру жүктелсе, қарт ерлердің рөлі көбінесе қара шаңырақтың отын сөндірмейтін артында қалған ұрпақпен байланысты. Бұл гендерлік сипатты зерттеу, қарттықтың әлеуметтік, мәдени және психологиялық аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

4. «Қарт» концептісі батагөйлік пен данагөйліктің орбитражы секілді ассоциацияға құрылған, этнос мәдениетіндегі ерекше құрметке ие әлеуметтік орта саналып, тілдік тұрғыдан көптеген көркем ойлы мәтіндерге арқау болған категория.

5. Көркем мәтіндердегі «қарт» концептісінің коннотациялық сипаты стилистикалық бояуы қанық сөз образдарымен көмкерілу арқылы, гендерлік ерекшелікті эмоционалды-экспрессивті тұрғыдан айшықтап береді. Тұрмыстық өмір мен ауызекі стильде одағай сөздер қарт әйел адамдар лексиконында жиі кездеседі.

Көркем мәтіндердегі «қарт» концептісі ер мен әйелге ортақ құбылыс болғанымен, әйел мен еркек психологиялық, физиологиялық тұрғыдан бөлек болмыс болғандықтан, табиғаты бірбірінен өзгешеленетін, қарттық кезеңді өткізу үшін әрқайсысы өзінің табиғи жаратылысына сай өзін гендерлік тұрғыдан көрсетеді. Осыған орай әйел, аналық, әжелік, апалық стеротиптерді табиғи түрде орындап, төзімділікпен, қамқор көңілмен, риясыз мейіріммен ұрпағына ықылас көрсетумен бейнеленеді. Ал қарт ер адам әке, аталық, ақсақалдық секілді әлеуметтік жалпы қоғамдық қызметтерді атқарады. Қарттық кезеңдегі ер мен әйел табиғатын ерекшелейтін ұғымдар белгілі бір көркем сөздердің коннотациясы арқылы сомдалады.

Әдебиеттер

Арынбаева Д.Ж., Байғұтова Д.Н., Құрбанов А.Г. Д. Исабеков шығармаларындағы фразеологизмдердің ұлттық коннотациясы // Ясауи университетінің хабаршысы, 2024. – №2(132). – 102-114-бб. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47>

Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филол.ғ.к. ... дис. – Алматы, 2008. – 143 б.

Бахаева Л.М., Хабусиева Т.Б. Репрезентация концепта «возраст» в пословицах и поговорках чеченского языка: гендерный аспект // Гуманитарные и социальные науки, 2020. – №2. – С. 123-130.

Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – Изд-е 2-е, доп. – Москва: Едиториал УРСС, 2002. – 280 с.

Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: современное написание. – Москва: АСТ: Астрель: Транзиткнига, 2006. – 352 с.

Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 27 б.

Есенова Қ.Ө., Сейітова Б.Б. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының прагматилистикалық ерекшеліктері // TILTANYM. 2023;92(4):28-36. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-4-28-36>

Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктер (гендерлік зерттеу): филол.ғ.к. ... дис. – Алматы, 2003. – 150 б.

Сейітжан Д.Қ., Дукенбаева З.О., Ташағыл А. Тарихтағы тұлғаны танудың әдіснамалық мәселелері және Акселеу Сейдімбектің өмірі, қызметі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия сериясы, 2024. – №3(115). – 215-220-бб.

Төреханова Р.А., Анесова Г.Г. Қазіргі қазақ қоғамындағы ер-жігіттің рөлі мен бейнесі (әлеуметтік-сауалнама нәтижелері негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2021. – №2 (182). – 74-85-бб.

Шоқым Г.Т., Буранкулова Э.Т., Мұратбек Б.Қ. «Қыз» гендерлік концептісінің этномәдени ерекшеліктері (қазақ, башқұрт, татар тілдері материалдары негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖәнеӘТУ Хабаршысы журналы. Филология ғылымдары сериясы. 2024. – №4. – 289-304-66.

Gal, S. Gender and the discursive authority of far right politics. *Gender and Language*, 2021. No.15(1). Pp. 96–103.

Kulmanova, Z.B., Zhirenov, S.A., Mashinbayeva, G.A., Orynbayeva, D.G. Abitova, Zh.S. Babayeva, K.S. Reflection of the Religious Worldview in Language // *International Journal of Society, Culture & Language*, 2022. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2022.544382.2484>

Nicholas, D. Psychophysiological underpinnings of proactive and reactive aggression in young men and women // *Physiology & Behavior*, 2021. <https://doi.org/10.1016/j.physbeh.2021.113601>

Svensson, H. Language learning, gender and education: Understanding the agency and affordances of refugee-background women with emergent literacy // *Linguistics and Education*, 2024. <https://doi.org/10.1016/j.linged.2024.101309>

References

Arynbaeva, D.Zh., Bajgutova, D.N., Qurbanov, A.G. (2024) D. Isabekov shygarmalaryndagy frazeologizmderdin ulttyq konnotatsiyasy. *Jasaui universitetining habarshysy*. No.2(132). B. 102-114. [Arynbaeva, D.Zh., Bajgutova, D.N., Qurbanov, A.G. (2024) National connotation of phraseological units in the works of D. Isabekov. *Bulletin of Yassawi University*. No.2(132). Pp. 102-114.] (in Kazakh)

Bahaeva, L.M., Habusieva, T.B. (2020) Reprezentacija koncepta «vozrast» v poslovicah i pogovorkah chechenskogo jazyka: gendernyj aspekt. *Gumanitarnye i social'nye nauki*. No.2. S. 123-130. [Bahayeva, L.M., Khabusiyeva, T.B. (2020) Representation of the concept of "age" in proverbs and sayings of the Chechen language: gender aspect. *Humanitarian and social sciences*. No. 2. S. 123-130.] (in Russian)

Bajgutova, A. (2008) «Qazaq ajeli» konceptsinin jetnomadeni sipaty: filol. gyl .kand. ... dis. Almaty, 143 b. [Bajgutova, A. (2008) Ethnocultural characteristics of the concept of “Kazakh woman” dissertation. Almaty, 143 p.] (in Kazakh)

Dal', V.I. (2006) *Tolkovyj slovar' zhivogo velikorusskogo jazyka: sovremennoe napisanie*. Moskva: AST: Astrel': Tranzitkniga, 352 s. [Dahl, V.I. (2006) *Interpretive dictionary of the living Great Russian language: contemporary writing*. Moscow: AST: Astrel': Tranzitkniga, 352 p.] (in Russian)

Elmesova, Sh.M. (2003) Korkem matindegi ulttyq madenietting tildik relevanttary (G. Musirepovting «Qazaq soldaty» romany bojnsha): filol. gyl. kand. ... avtoref. Almaty, 27 b. [Yelemessova, Sh.M. (2003) Linguistic relevance of national culture in literary texts (based on G. Musrepov's novel "The Kazakh Soldier"): dissertation, author's abstract. Almaty, 27 p.] (in Kazakh)

Esenova, Q.O., Sejitova, B.B. (2023) XV-XVIII gasyrlardagy zhyraular poezijasynyng pragmatistikalyyq erekshelekteri. *Tiltanyim*. [Yessenova, K.O., Seitova, B.B. (2023) Pragma-stylistic features of the poetry of the Zhyrau in the XV-XVIII centuries. *Tiltanyim*.] (in Kazakh)

Gal, S. (2021) Gender and the discursive authority of far right politics. *Gender and Language*. No.15(1). Pp. 96-103.

Kulmanova, Z.B., Zhirenov, S.A., Mashinbayeva, G.A., Orynbayeva, D.G. Abitova, Zh.S. Babayeva, K.S. (2022) Reflection of the Religious Worldview in Language. *International Journal of Society, Culture & Language*. (in English)

Mamaeva, G.B. Erler men ajelderding soz qoldanystaryndagy erekshelekter (genderlik zertteu): filol. gyl. kand. ... dis. Almaty, 150 b. [Mamayeva, G.B. Distinctive features in the use of words by men and women (gender research). Dissertation. Almaty, 150 p.] (in Kazakh)

Nicholas D. (2021) Psychophysiological underpinnings of proactive and reactive aggression in young men and women. *Physiology & Behavior*. (in English)

Sejitzhan, D.Q., Dukenbaeva, Z.O., Tashagyl, A. (2024) Tarihtagy tulgany tanudyn adisnamalyq maseleleri zhane Aqseleu Sejdimbekting omiri, qyzmeti. *Qaragandy universitetining habarshysy*. Tarih, filosofija serijasy. No.3(115). B. 215-220. [Seitzhan, D.K., Dukenbayeva, Z.O., Tashagyl, A. (2024) Methodological issues of recognizing a person in history and the life and work of Akseleu Seidimbek. *Bulletin of Karaganda University. History, Philosophy Series*. No.3(115). Pp. 215-220.] (in Kazakh)

Shoqym, G.T., Burankulova, Je.T., Muratbek, B.Q. (2024) «Qyz» genderlik konceptsinin jetnomadeni erekshelekteri (qazaq, bashqurt, татар тилдері материалдары негізінде). *Abylay han atyndagy QazHQzhaneATU Habarshysy zhurnaly, Filologiya gylymdary serijasy*. No.4. B. 289-304. [Shokym, G.T., Burankulova, E.T., Muratbek, B.K. (2024) Ethnocultural features of the gender concept "kyz" (based on the kazakh, bashkir, tatar languages). *Journal «Bulletin. Series: Philological sciences» Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages*. No.4. Pp. 289-304.] (in Kazakh)

Svensson, H. (2024) Language learning, gender and education: Understanding the agency and affordances of refugee-background women with emergent literacy. *Linguistics and Education*. (in English)

Torehanova, R.A., Anesova, G.G. (2021) Qazirgi qazaq qogamyndaqy er-zhigitting roli men bejnesi (aleumettik-saualnama natizheleri negizinde). *QazUU Habarshysy. Filologiya serijasy*. No.2 (182). B. 74-85. [Torekhanova, R.A., Anessova, G.G. (2021) The role and image of a man in modern Kazakh society (based on the results of a sociological survey). *Bulletin of the Kazakh National University. Philology Series*. No.2 (182). Pp. 74-85.] (in Kazakh)

Vol'f, E.M. (2002) *Funkcional'naja semantika ocenki*. Izd-e 2-e, dop. Moskva: Editorial URSS, 280 s. [Wolf, E.M. (2002) *Functional semantics assessment*. Iss. 2, ed. Moscow: Editorial URSS, 280 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 12.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.03.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.

© Ақбердіқызы У., Жиренов С.А., 2026

